



# САЛЫҚ ЗИМАНҰЛЫ ЗИМАНОВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ – ҚАЗІРГІ ДӘУІРДІҢ САЯСИ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ОЙДЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференция материалдары*



## ТРУДЫ САЛЫКА ЗИМАНОВИЧА ЗИМАНОВА – ИСТОЧНИК ПОЛИТИЧЕСКОЙ И ПРАВОВОЙ МЫСЛИ СОВРЕМЕННОЙ ЭПОХИ

*Материалы международной научно-практической онлайн-конференции*

Нұр-Сұлтан  
2021



М. С. Нәрікбаев атындағы  
КАЗГЮУ Университеті

**САЛЫҚ ЗИМАНҰЛЫ  
ЗИМАНОВТЫҢ  
ЕҢБЕКТЕРІ – ҚАЗІРГІ  
ДӘУІРДІҢ САЯСИ ЖӘНЕ  
ҚҰҚЫҚТЫҚ ОЙДЫҢ  
ҚАЙНАР КӨЗІ**

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік  
онлайн-конференция материалдары*

**ТРУДЫ САЛЫКА  
ЗИМАНОВИЧА  
ЗИМАНОВА – ИСТОЧНИК  
ПОЛИТИЧЕСКОЙ И  
ПРАВОВОЙ МЫСЛИ  
СОВРЕМЕННОЙ ЭПОХИ**

*Материалы международной  
научно-практической онлайн-конференции*

**Нұр-Сұлтан қ. 19.02.2021**

Нұр-Сұлтан, 2021

УДК 340  
ББК 67  
Т78

*Редакционная коллегия:* Калишева Ж. Г. — к. ю. н., доцент Университета КАЗГЮУ имени М. С. Нарикбаева; Когамов М. Ч. — д. ю. н., профессор; Аубакирова И. У. — д. ю. н.; Пен С. Г. — к. ю. н., доцент; Воронков Я.; Бектибаева О. С. — доктор РhD.

**Т78 Труды Салыка Зимановича Зиманова — источник политической и правовой мысли современной эпохи:** Халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференция материалдары, г. Нұр-Сұлтан, 2021 жылғы 19 ақпан / М. С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университеті. — Нұр-Сұлтан, 2021. — 180 б.

ISBN 978-601-7538-40-8

Жинаққа 2021 жылы 19 ақпанда Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі, заң ғылымының докторы, профессор, М. С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университетінің құрметті ректоры Салық Зиманұлы Зимановтың 100 жылдық мерейтойына орай өткізілген халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысушылардың материалдары енген. Конференцияға көрнекті мемлекет қайраткерлері, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының басшылары, жақын және алыс шетелдердің ғылыми-құқықтық қоғамдастығының өкілдері, С. З. Зимановтың шәкірттері, қазақстандық жоғары оқу орындарының заңгер ғалымдары, М. С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университетінің және шетелдік жоғары оқу орындарының студенттері қатысты.

В сборник включены материалы участников международной научно-практической конференции, которая прошла 19 февраля 2021 года в день рождения Салыка Зимановича Зиманова — Академика НАН Республики Казахстан, доктора юридических наук, профессора, Почетного ректора Университета КАЗГЮУ имени М. С. Нарикбаева и была посвящена празднованию 100-летнего юбилея Академика НАН Республики Казахстан, доктора юридических наук, профессора Салыка Зимановича Зиманова. В конференции приняли участие видные государственные деятели, руководители государственных органов Республики Казахстан, представители научного юридического сообщества стран ближнего и дальнего зарубежья, ученики С. З. Зиманова, ученые-юристы казахстанских вузов, студенты КАЗГЮУ, в числе которых и международные студенты.

УДК 340  
ББК 67

ISBN 978-601-7538-40-8

© Университет КАЗГЮУ  
имени М. С. Нарикбаева, 2021

## МАЗМҰНЫ • СОДЕРЖАНИЕ

<b>Когамов М. Ч.</b> Предисловие .....	5
<b>Тасмагамбетов И. Н.</b> Приветствие участникам конференции .....	7
<b>Нарикбаев Т. М.</b> Приветствие участникам конференции от имени Университета КАЗГЮУ имени М. С. Нарикбаева .....	8
<b>Мәми Қ.</b> Приветствие участникам конференции от имени Конституционного Совета Республики Казахстан .....	11
<b>Абдолла С. Ж.</b> Приветствие участникам конференции от имени Верховного суда Республики Казахстан .....	13
<b>Тугжанов Е. Л.</b> Приветствие участникам конференции .....	15
<b>Мусаев Ә. С.</b> Приветствие участникам конференции от имени Посольства Азербайджана в Республике Казахстан .....	19
<b>Сафинов К. Б.</b> Теоретическая и практическая ценность предложений академика Зиманова С. З. о казахстанском Парламенте .....	21
<b>Ударцев С. Ф.</b> Пять вершин Академика С. З. Зиманова .....	28
<b>Когамов М. Ч.</b> Опыт биева суда — как научное наследие С. Зиманова .....	42
<b>Кулжабаева Ж. О.</b> К вопросу о динамичном соотношении международного и национального права .....	45
<b>Смагулова Н. Л.</b> О применении ценностей казахского права «Жарғы» и суда биев в современной системе правосудия .....	55
<b>Чукмаитов Д. С.</b> Феномен академика С. Зиманова в правовой науке и государственном строительстве Казахстана .....	65
<b>Fehri Gedikli.</b> Некоторые заметки о книге С. З. Зиманова «Казахский суд биев — уникальная судебная система» .....	70
<b>Ағдарбеков Т.</b> Батырбаев Н. С. З. Зиманов — бүкіл Қазақстандық заңгерлердің ұстазы .....	72
<b>Жанузакова Л. Т.</b> Ученый и гражданин. К 100-летию академика С. З. Зиманова .....	78
<b>Нуртаев Р. Т.</b> О методологических аспектах пенитенциарной политики государства .....	84
<b>Ибраева А. С., Дюсебалиева С. С.</b> Идеи академика Зиманова Салыка Зимановича о праве, справедливости и правовой культуре» .....	97
<b>Оразбаева А. И.</b> «Ескі би» мен «Жаңа бидің» арасалмағы хақында .....	103
<b>Тлепина Ш. В.</b> Академик С. З. Зиманов и обычное право казахов. Историография вопроса .....	112
<b>Дюсебалиева С. С.</b> Приветствие участникам конференции .....	145
<b>Шаяхметова Ж.</b> Болмысы бөлек ер тұлға .....	147
<b>Муканова Г. К.</b> Тема национальной идентичности в трудах С. З. Зиманова .....	151

<b>Кабжанов А. Т.</b> С. Э. Зиманов — основатель казахстанской национальной правовой системы .....	159
<b>Канатов А. К.</b> Место Декларации о государственном суверенитете в системе законодательства Республики Казахстан (правовой анализ) .....	168
<b>Даукетова Ж. Б.</b> Биев суд в государствах Центральной Азии .....	174

**Шаяхметова Ж.**

Заң ғылымдарының кандидаты,  
Х. Досмұхамедов атындағы  
Атырау университетінің  
қауымдастырылған профессоры

**БОЛМЫСЫ БӨЛЕК ЕР ТҰЛҒА**

Ұлы адамның ойында  
Ұлы іс жүреді.  
(Қазақ мақалы)

«Елді Ер танытады» дегендей, өзінің ақыл-ойының кеңдігімен, өмірдегі ұстанымы, қызметі, кесек қабілетімен, сөйлеудегі шешендігі, алғыр ойлы тапқырлығымен, қайраткерлік еңбегімен ерекшеленген тұлғаны іздесек, ол — академик Салық Зиманов. «Ол — әр ортаның жарық жұлдыз секілді төңірегінә шұғыла шаша жанып, жарқырап тұратын айырықша асыл тұлғасы бола білді... Біздің ғылымда да тамаша таланттар тобы — шын мәніндегі ғұлама шоғыры болған, бар және бола бермек. Солардың бірі де бірегейі — Зиманов», — деген академик Зейнолла Қабдоловтың сөздері ойымыздың дәлеліндей.

Салық Зиманов 1921 жылы 19 ақпанда Гурьев облысы Қызылқоға ауданының Бүйрек құмында туған. Балалық шағын Гурьев қаласында өткізген. 1938 жылы Жамбыл атындағы орта мектептің алғашқы түлектерінің бірі болады. Салық ағамызбен бірге Сәнду Дұймагамбетова (Атырау университетінің ректоры болған), Қауыс Досымбаев, Хамит Орақов, Құспан Айтқалиев сынды белгілі тұлғалар мектепті үздік бітіріп шығады. Маңғыстау ауданы Форт Шевченко қаласындағы орта мектептің орыс тілі пәні мұғалімі болып жұмыс жасайды. Сол өңірден соғыс майданына аттанады.

Сухуми әскери училищесін бітірген. Соғыс кезінде төрт рет жараланып, госпиталға жатқан. Шайқастағы жолдары — Закавказье майданы, Солтүстік Кавказ майданы, Дала майданы, II Украин майданы, II Белорус майданы, Шығыс Пруссия мен Польшаны азат ету және Германия жеріндегі

шайқастары. Ұлы Отан соғысының І-дәрежелі және Қызыл жұлдыз ордендерімен, «За оборону Кавказа», «За взятие Кенигсберга» медалдарымен марапатталды. 1946 жылы шілде айында 651-артиллерия полкінің штаб бастығы қызметінен гвардия майоры әскери шенімен әскерден босатылды. Салық Зиманов қатардағы солдаттан полк командирі дәрежесіне дейін көтерілген қабілетті офицер болды.

1946 жылы елге аман-есен оралып, Гурьев қалалық прокуратураның көмекшісі қызметіне орналасып, Саратов мемлекеттік университетінің заң факультетін қызыл дипломмен бітіріп шығады. Осыдан бар өмірін заң саласына арнады. Ол Мәскеудегі КСРО ҒА Құқық институтында ғылыми-іздеушілік жұмыстарын жүргізіп, 1950 жылы «Бөкей Ордасының қоғамдық-саяси құрылысы» атты тақырыпта заң ғылымының кандидаттық диссертациясын қорғады, 1961 жылғы 13 қаңтарда «XVIII ғасырдың соңы және XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси құрылысы» атты тақырыпта докторлық диссертациясын қорғады. Ол заң ғылымының докторы дәрежесін иеленген алғашқы қазақ болды. 1967 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясы атағын иеленді.

«46 жасында ол бірден Қазақстан Ғылым Академиясының академигі болып сайланды. Бір саланы бір өзі меңгеріп, сол жүйедегі ғалымдарға ұстаз бола білген талантты танып, Академия басшылығы (Қ. Сатпаев, С. Бәйішев) оны әдеттегідей корреспондент мүше етпей-ақ, бірден академик етуі — әрі сирек кездесетін, әрі тәуекелге сүйенетін батыл іс еді. Сөкең ол үмітті алдамады, ақтады. Бүгін ол бір ғылым саласының ғана емес, бүкіл қоғамдағы ғылымдардың тұтастай Ұлттық ғылым Академиясы мойындаған лидері, еңбегі сіңген ақсақалы», — деп баға берді Серік Қирабаев.

С. Зиманов еңбектерін мемлекеттік құрылыс саласына арнады. Әсіресе, қазақ қоғамының саяси-құқықтық тұрғыдан басқарудың ұлттық ерекшеліктерін (Дала құқығы) ашты. Ол «Қазақ құқығы, құндылықтары — бостандық, әділдікке негізделген қасиеттері», «Далалық Демократия» аясында дамыды. Билер институтын зерттеді. Қазақ құқығы нормаларын ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші әрі реформаторы,

сот билігін ел бірлігіне арнаған, көне дәстүрді берік ұстаған билер ерекше тап еді. Бұлар Шығыстағы басқарушы билерден өзгеше болып қалыптасты. Олар әрі ақын, әрі шешен, философ, әрі ойшыл, әдет-ғұрып құқығының білгірі және оның реформаторы, әскери қолбасшысы және басқарушы еді, ал көзқарасы негізінен өз қызметінде жергілікті ру мүдделерінен бұрын қазақ халқының мүддесін жоғары ұстаған, сонымен бірге олар қоғамдық пікірдің бақылауында болды. Ғалымның еңбектерінде қазақ биінің моральдық-құқықтық мәртебесі халықтың «атаңның баласы болма, адамның баласы бол» деген талабынан көрініс тапты деген болатын.

С. Зимановтың еңбектері қазақтардың ұлттық санасын оятуға, олардың тәуелсіздік жолында күреске белсенді қатысуына қызмет етті. Оның зерттеулерін үш топқа бөлуге болады:

1) 50–60 жылдағы еңбектері: XVIII ғ. алғы – XIX ғ. бірінші жартысындағы Қазақстанның саяси құрылымы, Кеңес дәуіріне дейінгі Қазақстанның саяси және құқықтық тарихы;

2) 70-жылдары С. Зиманов қазақ халқының мемлекеттілігі, автономиялық елдердің және одақтас мемлекеттердің ұлттық мемлекеттілігі туралы еңбектерін айтамыз;

3) 90-жылдары жоғары кеңестің депутаты болған кезінде еліміздің тәуелсіздігі мәселелерімен айналысқан. 1991 жылы жоғары Кеңестің Конституциялық комиссия мүшесі болды. Үшінші кезеңі тәуелсіз Қазақстан ұлттық мемлекеттің құқықтық негіздері болып табылады.

С. Зиманұлының арнайы жетістігі – қазақша, орысша, ағылшынша жазылған 10 томдық «Қазақ ата заңдары» атты еңбегі.

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялаған кезінен бастап, Салық Зиманұлы еліміздің Конституциясын қабылдау, Президенттік басқару мәселелеріне тікелей араласып отырды. Ол мемлекеттік тәртіпті нығайту, қарапайым халықтың тұрмыс-тіршілігіне жете көңіл бөлу, жемқорлыққа қарсы күресті ашық және тұрақты жүргізу, ғылымның қазіргі күйі мен оны жақсарту шаралары туралы біраз мәселелерді қозғаған болатын.

Салық Зиманұлы Қазақстан заңгерлерін дайындап, қазақ заңгерлерінің атасы, яғни «юриспруденция» патриархы



деп әділ бағаланып жүр. 1952 жылы Москва заң институтының аспирантурасына біраз аспиранттарды жіберіп, олардың ғылыми жұмыстарын аман-сау қорғап шығуына да мүмкіндіктер жасады. Олардың біразы қазақ ғалымдары – А. Н. Тауекелев, А. Ж. Жақыпова, Н. А. Джангельдин, Э. К. Абдулина, К. С. Ургеншбаев, К. Жоламанов. Ал өзінің жетекшілігімен 28 ғылым кандидатын, 16 заң ғылымының докторларын дайындады. Әсіресе, қазақ тілінде ғылыми еңбектерін қорғап шығуға үлкен үлес қосты. Олардың қатарында С. У. Өзбекұлы, Э. Ж. Кенжалиев, Н. Усеров, М. А. Құл-Мұхамед және тағы басқаларды атауға болады.

«Салық Зиманов – Қазақстан заң ғылымдарының негізін қалаушы», - деген жоғары бағаны академик Қаныш Сатпаев берген еді.

Академик Зиманов жеке адамның емес, тұтас қоғам тағдыры үшін, ұлт мүддесін қорғау үшін де арпалысты. 1986 жылы Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы Г. В. Колбинмен кездесуде Республика қайраткерлерінің ішінде жалғыз болып, билік алдында тайсалмай еріктілігін білдірген жастарға «ұлтшыл» деген айып тағылғанына қарсы шыққан еді.

Қазақстан мемлекеті мен құқығының тарихын, ұлттық мемлекет құрылымының теориялық мәселелерін зерттеуде жаңа ғылыми бағыт қалыптастырып, әділ сотты қамтамасыз ету үшін Республикада сот мүшелерінің қатысуымен «билер алқасын» енгізуге басшылық жасады. Еліміз егемендік алған күннен бастап, қазақ тілінің мәртебесі туралы аузынан тастамайтын.

«Тау алыстаған сайын биіктейді» дегендей, өркениетті қоғам қалыптастыруда халықтың еңсесін көтеріп, бейнесін көріктендіріп жүрген әділдіктің ақ туын жықпаған болаттай берік ұстанымды, сәйгүліктей асау абзал жан еді. Салық Зимановтың қалдырған ізі қашанда өнеге болып қала береді, біздің жанымызда сақталады.